

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР»
ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кімге арналған: «Білім берудегі ақпараттық жүйелер» (Minor) бағдарламасы барлық Major білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған.

Өзектілігі: «Білім берудегі ақпараттық жүйелер» қосымша бағдарламасы білім беруді ақпараттандыру және ақпараттық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын зияткерлік әлеуетін дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу жолдарын қалыптастыру.

Негіздеме: «Білім берудегі ақпараттық жүйелер» қосымша білім беру бағдарламасы (MINOR) білім беру салаларында ақпараттық технологиялар мен жүйелерді зерттеу, әзірлеу, енгізу және сүйемелдеу бойынша мамандар даярлау және ақпараттық жүйелер саласында білім алушыларда оның кәсіби қызметін қамтамасыз ететін құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Мақсаты: Өртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметке қабілетті білім берудегі ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды тереңдетілген іргелі және кәсіби даярлауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның сипаттамасы:

1. «Білім берудегі ақпараттық жүйелер» (Minor) бағдарламасы 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит, қорытындысында білім алушы 15 кредит меңгеруі тиіс.
2. «Білім берудегі ақпараттық жүйелер» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.
3. Бакалавр дәрежесі үшін кредит саны өзгеріссіз қалады-240 кредиттен кем емес.

Бағдарламаның мазмұны:

Пән атауы	Пәннің сипаттамасы	Формирующихся результаты обучения
Білім берудегі корпоративтік ақпараттық жүйелер	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын қолдана отырып, студенттердің білім беру саласындағы кәсіби міндеттерді шешуге технологиялық дайындығын қамтамасыз ету	ОН 1 – Білім беруді ақпараттандыру саласындағы негізгі ұғымдарды білуі, теория саласындағы негізгі терминологияны білу; ОН 2 – Деректер базасын және күрделілігі орташа корпоративтік ақпараттық жүйелерді жобалай және іске асыра білу; ОН 3 – Корпоративтік ақпараттық жүйелердің жұмыс принциптерімен, бағдарламалық құрылымын, хаттамалар стектерін, желіаралық аппараттық бағдарламалық платформасымен танысу
Білім берудегі ақпараттық жүйелерді жобалау	АЖ жобалаудың заманауи әдістері мен құралдарын зерттеуге бағытталған және білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізін құрайтын аппараттық, бағдарламалық құралдарға шолу және жіктеу.	ОН 1 – АЖ жобасын өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде ұйымдастыру мен басқарудың әдістері мен құралдарын білу; ОН 2 – АЖ жобасын ұйымдастыру және басқару әдістері мен құралдарын мен АЖ-ға қойылатын талаптарды қалыптастыру; ОН 3 – Пәндік саланы, қолданбалы және ақпараттық процестерді модельдеудің аспаптық құралдарымен жұмысты меңгеруі тиіс.
Ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологиялар	Ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми-зерттеу және қолданбалы міндеттерді шешудің заманауи әдістерін меңгеру	ОН 1 – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми-зерттеу және қолданбалы міндеттерді шешудің заманауи әдістерін меңгеру жұмыс істеуді үйрену. ОН 2 – дербес ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті ақпараттық технологияларды игеру;

		ОН 3 – жалпы техникалық және мамандандырылған ақпаратты онлайн іздеу әдістерін үйрену, онлайн дерекқорлармен жұмыс істеу.
--	--	---